Еске алуға арналған шағын-футбол турнирі

2019 жылғы шілдеде Қостанай облысы Әулиекөл ауылының «Болашақ» спорт кешенінде қызмет борышын атқару барысында қаза тапқан ҚР ІІМ Көліктегі ПД Қостанай станциясындағы ЖПб қызметкері Қожабаев Азамат Тюлеубайұлын еске алуына арналған шағын-футбол бойынша турнир өтті.

Бұл Турнир дәстүрлі және Қожабаев Азаматтың туыстары, ҚР ІІМ Көліктегі ПД Қостанай станциясындағы ЖПб, «Әулиекөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-мен ұйымдастырылды. Іс-шараны жария ету үшін Әулиекөл ауданының БАҚ өкілдері шақырылды.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, ересек адамдарды спортпен шұғылдануға қатыстыру, мықты спортшыларды анықтау. Сонымен қатар, осы іс-шара өсіп келе жатқан ұрпақты патриоттық, рухани, адамгершілікке тәрбиелеуіне және полиция капитаны А.Т. Қожабаевты еске алуына арналады.

Жыл сайын облыс аймақтарының түрлі аудандары мен ауылдарынан келетін турнирге қатысушылардың әріптестерімен, достарымен, құрдастарымен кездесіп, спорт жетістіктерінің қыр-сырымен бөлісіп, сондай-ақ, іс жүзінде өздерінің спорттағы шеберліктерін көрсетуге ғажайып мүмкіндіктері бар.

Биылғы жылы жарысқа Алтынсарин, Әулиекөл Пб, Қостанай ст. ЖПб, Аманқарағай, Әулиекөл құрама командалары және Новоселовка кентінің құрама командасы - Азаматтың ауылдастары мен достары қатысты.

Турнир қорытындылары бойынша үшінші орынды Алтынсарин ауданының Пб, екінші орынды – Әулиекөл ауданының Пб және бірінші орынды – Аманқарағай кентінің құрама командасы жеңіп алды.

Жеңімпаз командаларға кубоктар, бұдан басқа арнайы сыйлықтар табыс етіліп, ақшалай марапатталынды. Спорттық іс-шара барысында қатысушылар мен қонақтар үшін марқұмды еске алу асы ұйымдастырылды.

Қостанай ст. ЖПб ІжСКТ

Куәлік алу жеңілдеді

Жүргізуші куәлігін алатын көлік иелері үшін медициналық тексерістен өту реті жеңілдейді. «Азаматтарға арналған үкімет» көлік жүргізуге рұқсат беретін құжатты алу үшін талап етілетін 083 үлгісіндегі медициналық анықтамаға өзгерістер енген, деп хабарлайды «Азаматтарға арналған үкіметтің» баспасөз қызметі.

“Бұдан былай жүргізуші куәлігін рәсімдеу барысындағы медициналық комиссия құрамы 7 дәрігерден 4-ке дейін қысқарды. Енді терапевт, окулист, оториноларинголог, психиатр-нарколог дәрігерлерінің тексерісінен өту жеткілікті. Сондай-ақ қан, дәрет талдамасы, флюрография, психоактивті заттарды қабылдау бойынша зертханалық анализдерді тапсыру қажет емес», — делінген таратылған хабарламада.

Медициналық тексеріс барысында терапевт дәрігер қандайда аурулардың бар/жоғын «Диспансерлі науқастардың электронды тізілімі» ақпараттық жүйесі, ал психиатриялық немесе наркологиялық диспансерлердің есебінде тұрмауы жөнідегі ақпаратты мәліметтер базасы арқылы, сондай-ақ, диспансерлердің анықтамасы негізінде тексере алады.

Айта кетейік, бүгінде жүргізуші куәлігін алу үшін медициналық анықтама үш жағдайда талап етіледі: жүргізуші куәлігін бірінші рет рәсімдеу барысында; жүргізуші куәлігінің мерзімі өтіп кеткенде; жүргізуші куәлігінен айырылғандар құжатты қайта рәсімдегенде.

Жыл басынан бері 337 мың қазақстандық жүргізуші куәлігін алды.

Кезекті «Жолда қабылдау» акциясы өтті

Қостанай облысында «Жолда қабылдау» акциясы аясында полицейлер әлеуметтік желілердің тікелей эфирінде 100-ден астам интернет пайдаланушысының сұрақтарына жауап берді.

Азаматтармен онлайн кездесу «Instagram» және «Фейсбук» ведомстволық аккаунттары арқылы көрсетілді. Қолданушылар онлайн байланыста сауалдарын қойып, тәртіп сақшыларынан құзырлы жауаптарын алды.

«Мұндай қарым-қатынас түрі өте тиімді, себебі тұрғындардың дені жұмыста болады. Акцияға қатыса алмаған мүмкіндігі шектеулі адамдар мен шалғайдағы ауылдардың тұрғындары эфирде сұрақтарын жолдады. Желі қолданушылары да бұл байланыс түрін ерекше атап өтті. Тікелей эфир барысында тұрғындар сауалдарымен қатар, өздерінің жылы пікірлерін де қалдырып жатты, — деп атап өтті облыстық ПД Жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары, полиция полковнигі Андрей Григоревский.

Жергілікті, әкімшілік және көші-қон полициясының бастықтары азаматтарға шетелдік нөмірлері бар автокөлік құралдарын тіркеу, жол қозғалысы ережелерін бұзу, азаматтық алу және полицияға жұмысқа орналасу мәселелері бойынша кеңес берді.

Қостанай қаласында «Жолда қабылдау» акциясы Абай даңғылы бойындағы «Астықжан», «Емшан» ірі сауда орталықтары алаңында өтті. Сонымен қатар, облыста полиция қызметкерлері 40-қа жуық аулада тұрғындарды қабылдап, олардың жеке мәселелерін талқылады. Акцияның бірінші күнінде Қостанай полицейлері 36 елді мекенді қамтып, оған 500-ге жуық азамат қатысты. «Жолдағы қабылдау» республикалық акциясы өңірде осымен бесінші рет өтіп отыр.

Тағы да журнал шығарылды

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында 2015 жылдан бастап жалпыакадемиялық «Академия: міндет, абырой, ерлік!» атты журналы шығарылып келеді.

Өз қолдауын тапқан жалпыакадемиялық журнал қазіргі таңға дейін жылына екі рет басылып шығарылады. Журналдың басылымдарына курсанттардың тақырыбы нақты, мазмұнды өжет мақалалары мен өлеңдері шығарылады. Сонымен қатар журналдың көпшілік бөлігі Академияда өткізіліп жатқан көптеген іс-шаралардан құрылған.

Осы жылғы журналдың өзектілігі, жастардың Отанға, Академияға деген сүйіспеншіліктерін қағаз бетіне түсіруі. Журналда кейбір курсанттар ана тілдерінде туған жеріне деген махаббатын жеткізді. Біздің өткеніміз болмаса, болашағымыздың да жоқтығы. Сондықтан Академиямызға ел алдындағы қызметін және оның ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатты жетілдіруге қосқан үлесі үшін 2014 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1287 Қаулысымен Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың құрметті есімі берілген болатын. Журналдың алғашқы беттері әрдайым Шырақбек Қабылбаевқа арналған мақалалардан тұрады.

Құқық қорғау органындары оқу орындарының курсанттары жан-жақты болуы маңызды, соған байланысты курсанттардың қоғамдық өмірге атсалысуы, спорттық іс-шараларда жеткен жетістіктері жайындағы мақалаларды Академия бастығының бастамасымен Академияның баспасөз қызметі мен курсанттар баспасөз қызметі шығарады. Журналдың беттерінде жарияланған барлық суреттерді Академияның фотограф қызметкері Сейтқали Мұхамбетқали Камалов түсірді.

Барлығымызға белгілі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасымыздың бастамасы бойынша жүзеге асырылып жатқан «Жастар жылына» өз үлесімізді қосып, мемлекеттік бағдарламаларға қолдау көрсету мақсатында мына шығарылып отырған жалпыакадемиялықжурналдың негізгі мазмұны жастар жылына арналып отыр. Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі Ербол Төлегенұлы Каппасов Академия басшылығының атынан курсанттарды құттықтап, журналдарды табыс етті.

Қазақстанның 10-15 жылдан кейін қандай болатыны көп жағдайда мүлдем жаңа жағдайларда білім алып жатқан студенттерге, курсанттарға, жастарға тікелей байланысты болғандықтан, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасымыз жастарға ерекше басым көңіл бөледі, өйткені нақ осы ұрпаққа жаңа, қазіргі заманға сай Қазақстанда өмір сүріп, жұмыс істеу қажет. Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында Елбасы жастарға ерекше рөл берілетін іс-қимылдардың нақты жобасын ұсынған болатын. Осы жоба төңірегінде қызмет жасауды Академия басшылығы мақсат тұтып отыр. Қорытындысы - мына жалпыакадемиялық журнал.

Бүгінгі күннің негізін қалап, болашаққа нақты қадам жасау маңызды. Академияда Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген курсанттар қаншама десеңші! Олардың барлығы бір үйдің баласындай. Тәуелсіздік алған уақыттағы жастар мен қазіргі уақыттағы жастардың айырмашылығы едәуір үлкен. Бүгінгі жастардың біліктілігін, жасампаздығын, тапқырлықтарын, тәрбиелерін, адамзат дүниесінде бар барлық қасиеттерін бойына сіңіріп, ұлт болашағын ойлайтын, қорғайтын, өз еліне патриот ұрпақ ұл-қыздарымызды шетелдің ұрпақтарыннан артта қалмай, заман талабына сай ойлай алуымен, заман талабына сай іс-әрекет жасауына бейімдеу Академия басшылығының негізгі мақсаттарының бірі. Алдағы уақытта желтоқсан айында шығарылатын кезекті жалпыакадемиялықжурналдың мазмұнына Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі Е.Каппасов кішігірім тоқталып, курсанттарға бағыт-бағдар берді.

Қорытындылай келе, курсанттарымызға сәттілік тілей отыра, алға қойған мақсаттарына жету жолында талмай еңбектенуін тілейміз.

Г. МАКСЕТОВА,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 2-курс курсанты

Мемлекеттік қызмет Аллеясы

Лисаков қаласында мемлекеттік қызмет аллеясы ашылды. Аллеяның ашылуына облыстық мемлекеттік қызмет департаментінің басшысы Салауат Мүксімов және қала әкімі Алмат Исмағұлов қатысты.

- Аллея ашық аспан астындағы музей саналады, өйткені мұнда өңірдегі мемлекеттік қызметтің қалыптасу тарихын көруге болады. Жаңа аллеяға ағаш көшеттері отырғызылды. Салтанатты ашылу аясында 2050 жылғы жаңа формациядағы мемлекеттік қызметкерлерге арналған капсула салынды.

Негізі мемлекеттік қызмет аллеясының ашылуының басты идеясы мемлекеттік қызметкерлердің ант қабылдау рәсімі. Мемлекеттік қызметке алғаш кірген жастар үшін бұл күн екі есе ерекше. Антты көпшілік алдында және ашық аспан астында қабылдау ерекше жауапкершілік жүктейді және салтанатты рәсім береді, — дейді облыстық департамент басшысы Салауат Мүксімов.

Қала әкімі Алмат Исмағұлов кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру үшін жергілікті атқарушы билік өкілдері жан жақты қолдау көрсететінін айтты.

Жазғы Спартакиада

УК-161/4 республикалық мемлекеттік мекемесінің құрылғанына 60 жыл толуына арналған қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің арасында дәстүрлі спартакиада биыл Құсмұрын кентінің №28 орта мектебінің спорт алаңында өтті.

Спартакиада бағдарламасы ішіне мынандай түрлері болды: волейбол, шағын-футбол, гир спорты, арқан тарту және ату. Командалар шеруімен спорт мерекесі ашылып, Қостанай облысы бойынша ҚАЖД бастығы әділет полковнигі Н.К.Мусин мерекелік құттықтау сөз сөйледі.

Жыл сайынғы спартакиаданың ұраны - «Спортпен дос болу – дені сау болу». Спорттық жарыс қоғамдағы айтарлықтай іс-шара болып есептеледі.

Жалпыкомандалық қорытындысында үшінші орынды «УК-161/3 мекемесі» РММ Жітіқара.қ, екінші орынды «УК-161/12 мекемесі» РММ Арқалық.қ. командалары иеленсе, ал бірінші орынға лайықты «УК-161/1 мекемесі» РММ ҚР ІІМ ҚАЖК көтерілді.

Жарыстың барлық қатысушылары барлық кезеңдерін жақсы көрсетіп, сыйлықтар алды.

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru

Сәләфиттерді қалай ажыратуға болады

Бүгінгі күні әлемдегі ең өзекті мәселенің бірі – діни экстремизм мен терроризм қаупі екені баршаға аян. Ғаламдық проблема қоғамға саяси, экономикалық, моралдық шығындар әкеліп, үрей тудыруда.

Терроризм қаупі XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап күшейе түсті. Әлемнің көптеген аймақтарында экстремистік топтар мен ұйымдар теракті лер жасау арқылы өз мақсаттарына қол жеткізгісі келді. Бүгінгі күні жаһанда 500-дей экстремистік ұйымдардың бар екені белгілі болып отыр. Қазір дүниежүзінде осыған қарсы іс-шаралар ұйымдастырылуда. Оның ішінде біздің ел де бар. Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасы экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын ұдайы өткізіп отырады.

Алматы халық көп шоғырланған қалалардың бірі болғандықтан, мегополисте бұл мәселе күн тәртібінен түскен емес. Халыққа ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізетін «Мониторинг және талдау орталығының» бөлім меңгерушісі Тұрсын Құдайқұлов алдын-алу шаралары жайында кеңінен әңгімелеп берді.

- Мемлекет діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін барын салуда. Ең алдымен құқықтық негіздерді жетілдіріп жатыр. Діни экстремизм мен терроризм идеяларының таралу жолдарына бөгет қоюды қолға алды. Діни экстремистік ақпарат таратын ғаламтор сайттары мен әлеуметтік желілердегі аккаунттарды бұғаттап, әдебиеттердің таратылмауының ұтымды жолдарын қарастырды. Сондай-ақ, халық арасында жүргізіліп жатқан ақпараттық түсіндіру жұмыстары да өз нәтижесін беруде.

- Тұрсын Таңатарұлы, қолда бар ақпаратқа сүйенсек, 2019 жылы «Мониторинг және талдау орталығы» Алматыда 600 шара өткізуді жоспарлаған екен, бүгінгі күнге дейін қанша жұмыс атқарылды?

- Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен біздің орталықта жұмыстар қарқынды жүріп жатыр деп айта аламын. Сіз айтқан 600 шараның бүгінгі күні 225-і өткізілді. Біздің жұмыстың негізгі мақсаты – бұл, біріншіден, мемлекетіміздің дін саласындағы саясатты жүзеге асыру. Екіншіден, діни эстремизм мен терроризмнің алдын алу және үшіншісі - түрлі ұсыныстар мен жаңалықтарды енгізу. Түсіндіру шараларын қай жерде өткізу тиімдірек, қандай қиындықтар болады, оны қалай шешуге болады деген сияқты ұсыныстар халықтан түседі. Осының бәрін зерделей келе, біз Қоғамдық даму басқармасы арқылы бір шешімге келеміз.

- Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шаралары бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстары кімге бағытталған? Арнайы таңдап алынған аудитория бар ма?

- Негізі бұл ақпараттық түсіндіру жұмыстары бәріне арналған. Қазір біз мектеп, колледж, ЖОО-да өткіздік. Оқу жылы басталған кезде тағы да кездесулер ұйымдастырамыз. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілерге де түсіндіреміз. Халық көп шоғырланған, көп жүретін мекендерді де, назардан тыс қалдырмаймыз. Мысалы, шілде айында біз 8 базар мен сауда орталықтарында үлкен іс-шаралар ұйымдастырдық. Атап айтсақ, «Яллян», «Кенжехан», «Байсат», «Сәлем», «Көк базар», «Орбита» базарлары мен «Мега Тау», «Алма» сияқты ірі сауда орындарын қамтыдық.

- Күні бойы тынымсыз тірліктің соңында жүрген жұрттың діни сауаттылығын қалай бағалайсыз?

- Адамдардың діни сауаттылығы ұғымы жөнінде жиі айтылып жүр. Көп жағдайда Құранды арабша оқи білген, намаз оқитын мұсылманды діни сауатты деп ойлаймыз. «Діни сауаттылық» ұғымының «философиялық» мәні, негізінен, адамның ішкі зайырлық құпиясын, парасаттылығын, шынжүректен ниет етуін білдіреді. Кейбір діншілдеріміз қарапайым халықты діни сауаты жоқ деп кінәлайды. Бұл - дұрыс емес. Бәрі бірдей бес уақыт намаз оқып, 30 күн ораза тұтпаса да, жақсы мен жаманды ажырата алады.

- Халыққа ақпараттық түсіндіру кезінде тыңдаушылар тарапынан қандай сауалдар түседі?

- Кездесу барысында мамандарға әртүрлі сұрақтар қойылады. Соның ішінде діни сауалдар басымырақ. Мысалы, кімді тыңдауға болады немесе теріс ағымдағыларды қалай ажыратуға болады деп жатады. Ондай адамды бет-әлпетіне қарап, ажырату мүмкін емес. Сақалға ғана қарап айта алмаймыз. Себебі, имамдар да, өнер адамдары да сақал қояды, тіпті атеиспін деп жүргендер де өсіреді. Сондықтан сақал өсіргендердің бәрін жат ағымдағы деп айтуға болмайды. Хиджаб киетіндерді де кінәлай алмаймыз. Өйткені орамалды Ханафи масхабын ұстайтын қыз-келіншектер де тағады. Иә, сәләфит ағымдағылар шолақ балақ киеді. Бірақ, ондай шалбарды сопылық бағытты ұстайтындар да киеді. Бұл жерді адамның ішкі имунитеті болмаса, «діни сауаты» болмаса, әрине, қиындау болады. Сәләфи бағытындағылардың жолы басқа, сопылық бағыттағылардың жолы басқа.

- Дінтанушылардың айтуынша, сәләфиттердің сенімінде ауытқушылық бар. Олар бұрыннан келе жатқан дінді мойындамайды. Сәләфи жолындағылар өздерін бүкіл қоғамға қарсы қойып алған дегенді алға тартады. Осыған не дейсіз?

- Қазір, деструктивті діни бағытты ұстанушы азаматтардың «салт-дәстүрді ұстану - бидға», «келіннің сәлем салуы - ширк», «зиярат жасау - куфр» деп қарастыруы, жағымсыз әрекеттері ел ішін бүлдіруді көздейді. Жат ағымды таңдағандар, көсемдері айқындап берген бағыт бойынша жүреді. Пірлері оларға «Уағыздарын тыңдамаңдар, сенімдеріңе селкеу түсіреді, көңілдеріңе күдік ұялатады. Сол себепті, имамды тыңдау – харам болып есептеледі» деп пәтуа бекіткен. Сәләфиттерді ажыратудың тағы бір амалы: олар қайтыс болған кіслерге құран бағыштауға болмайды деп есептейді. Сопылық бағыттағылар да осы ойды құптайды. Олар айтады «Алла тағалаға сен тікелей шыға алмайсың, сен пір арқылы құдаймен байланысқа шыға аласың, сондықтан пірдің айтқанын бұлжытпай орындауың керек»,- дейді. Яғни, сол адамның ойлау бостандығы болмайды. Олар үшін көсемінің айтқаны - заң.

- Құранға қайтып оралсақ, сәләфиттер неге құран бағыштауға қарсы?

- Олар мына мысалды алға тартып сөйлейді. «Міне Құранды ашып көріңіз мұнда намаз оқы, ораза ұста, зекет бер дейді, ал өлген адам соның біреуін істей ала ма», - дейді. Әрине, істей алмайды дейміз ғой. «Онда неге сендер Құран бағыштайсыңдар, Құран тірілерге түскен», - дейді. Иә, дұрыс айтасыз, Құран тірілерге түскен, біз мұны жасырмаймыз. Құранмен жүріп-тұру - әрбір мұсылманның міндеті. Бірақ, пайғамбарымыздың екінші хадисі бар. Құранның әрбір оқылған әрпінен 10 сауап бар. Осы хадиске сүйеніп, қайтыс болған кісінің амал дәптері жабылады. Бірақ үш кісінің амал дәптері жабылмайды деген хадисі бар. Ол артынан салиқалы ұрпақ тәрбиелеп өсіргендер. Сол ұрпағы ата-бабаларына сауабы барсын деп Құран бағыштайды. Бұл жерде шариғатқа қайшы келетін жерін көріп тұрғаным жоқ. Сәләфиттерді осылай анықтауға болады.

- Жоғарыда аталған ақпараттық түсіндіру жұмыстарын кімдер жүргізеді?

- Бізде ақпарат түсіндіру жұмысын жүргізетін арнайы топ құрылған. Оған философ, дінтанушылар, исламтанушылар, психологтар, теологтар, журналистер мен заң қызметкерлері мүше. Жалпы 64 адам. Әртүрлі сала мамандарын тарттық. Олар таңдап алынған тақырып бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

- Сұхбатыңызға рахмет!

inform.kz

Теміржол бойындағы кездесу

Қостанай станциясындағы ЖПб қызмет көрсету учаскесінде көлік полициясы жұмысы туралы қоғамдық пікірді зерделеу, темір жол көлігінде қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында және 2019 жылға бекітілген кестеге сәйкес Қостанай станциясындағы ЖПб бастығы мен оның орынбасарлары жолаушылар поездарында қабылдау өткізіп тұрады.

Жақында «Таза вокзал» кеңкөлемді акциясы аясында Қостанай ст. ЖПб қызметкерлері «Нұр Отан» партиясы Қостанай қалалық филиалының өкілі М.Н. Урдабаевпен, ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Вокзал-қызмет» АҚ өкілдерімен бірлесіп «Қостанай-Арқалық» бағытындағы № 621-622 жолаушылар пойызында темір жол бойында кездесу өткізді.

Кездесу барысында Қостанай ст. ЖПб бастығының орынбасары полиция подполковнигі С. Мурзамагамбетова жолаушыларға «Таза вокзал» акцияның негізгі мақсатын, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің «Қоғамдық орындарда тиісу» (оның ішінде билетті қайта сатушылар, таксисттер, заңсыз жүк тасушылар, заңсыз сатушылар, қайыр тілеушілер және т.б.) 449-бабы бойынша фактілерді анықтауға баса назар аударды, темір жол вокзалында қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті бұзушылықтарды болдырмау туралы және поезд бригадасы мүшелері мен жолаушыларға Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет» туралы Заңының баптарын және ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзушылықтарына мүлдем төзбеушілігін түсіндірді.

Сотталғанмен неке қию рәсімі өтті

Қостанай қаласы бойынша ҚАЖ Департаментіне қарасты УК-161/3 мекемесінің №5 жасағындағы сотталған азаматтың отбасын құруына байланысты салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.

Неке қию рәсімін өткізуге Жітіқара қаласы АХАЖ бөлімінің қызметкері Акбаева Айгуль Агдавлетовна шақырылып, жас жұбайларға неке куәлігі табысталды. Тағдырдың қиындығына берілмей, өмірге деген құштарлығын жоғалтпай, бір-біріне деген сезімдерін суытпай шаңырақ көтеріп жатқан жастарға бақыт тіледік.

Отбасы - кез-келген адам үшін ең ыстық. Қазақ шаңырағы ата-баба дәстүрлерін, өнегелер мен салт-жоралғыларды сақтаушы. Ол жеке адамның бойындағы ар-ұлтын, ақыл-ойын, адамгершілігі мен мәдениеттілігін тәрбиелеуге негіз қалап береді. Сонымен бірге, түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқан азаматтарға отбасын құруға заң жүзінде мүмкіндіктер қарастырылған.

Бұл сотталған азаматтардың жақындарының қолдауын сезінуіне және түзелуіне оң әсер беріп қана қоймай, олардың қоғамға оң көзқараспен оралуына үлкен септігін тигізетін іс-шара болып табылады.

Б. ИСКАКОВА,
«УК-161/3 мекемесі » РММ САТӘПЖЖБ
әділет аға лейтенанты

Қазақстанда жұмыссыздар саны азайды

Биылғы екінші тоқсанының қорытындысы бойынша Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі 442,8 мыңнан 441,8 мың адамға азайды. Бұл туралы ҚазАқпарат Еңбек ресурстарын дамыту орталығына сілтеме жасап хабарлайды.

Мұндай тұжырымдарды Еңбек ресурстарын дамыту орталығының (бұдан әрі ЕРДО) сарапшылары ҚР Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің ақпаратын талдау нәтижесінде жасады. Сарапшылардың пікірінше, халық санының көптігіне байланысты жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі еліміздің оңтүстік өңірлерінде тіркелген.

«Жұмыспен қамтудың жоғары үлесіне қарамастан Алматыда жұмыссыз азаматтардың саны 50,3 мың, Алматы облысында – 48 мың, Түркістан облысында – 42,1 мың адамды құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жұмыссыздар санының теріс өсу динамикасы Маңғыстау облысында - 12,7%, Атырау облысында - 6,5%, Нұр-Сұлтанда - 5,7% байқалды», – деді ЕРДО еңбек нарығын талдау департаментінің директоры Жақсылық Конанов.

Оның айтуынша, жас ерекшеліктері тұрғысынан жұмыссыз адамдардың ең көп саны – 25-35 жасқа дейінгі аралықта байқалуда – 38,5% (169,9 мың адам), ең азы – 65-тен жоғары санатта – 0,6% (2,5 мың).

«Жұмыссыздардың басым бөлігінде орта кәсіптік (41,4%) немесе жоғары білімі (33%) бар және өткен жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда олардың саны 10,3% және 17,3% артқан. Оның негізгі себебі түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндігінің жоқтығы – 24,8% (93,5 мың адамның жұмыс табуға мүмкіндігі жоқ, 14,3 мың адам оқудан кейін жұмыссыз) және мамандардың тұрақтамауы – 35,5% (өз еркімен жұмыстан кету – 116,8 мың, еңбек келісімшарттың мерзімі аяқталуына орай жұмыстан босатылу – 37,5 мың)», – деді Конанов.

Оның айтуынша, мамандар тұрақтамауының бірден-бір себебі – өңір мен экономиканың саласына байланысты еңбекақының бірдей болмауы.

Тірі екендігін дәлелдеді

Сот шешімен Қостанай қаласының тұрғыны тірі адамдардың тізіміне енгізілді, деп хабарлайды ҚазАқпарат облыстық Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі департаменттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Облыста маусым айының ортасында Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен «Халыққа жақын» акциясы өткен болатын. Оның барысында департаментке ер адам жеке сұрағымен жүгінген. Ол өзінің қайтыс болған адамдардың тізіміне енгенін айтқан. Мұны жүргізуші куәлігін ауыстыру үшін ХҚО-ға барған кезде білген.

«Қостанай тұрғыны жергілікті әкімдіктен көмек сұрап келген. Бұл мәселені Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі департамент ерекше бақылауға алды. Ер адамға тиісті талап-арыз жасауға, тірі деп тану үшін қажетті дәлелдемелерді жинауға көмек көрсетілді. Міне, осыдан кейін қалалық сот азаматтың арызын қанағаттандырып, соттың бұрынғы шешімін бұзды», - дейді ведомствоның баспасөз хатшысы Аида Бажирова.

Департаменттегілер осындай акциялардың халыққа түрлі мәселелерді шешу кезінде қажет екенін атап өтті.

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru